

Зейнетакы төлемдері иегерлерін күтуде

«БЖЗК» АҚ (бұдан әрі – БЖЗК, Қор) зейнеткерлік жасқа жақындаған не толған алушыларға да, Қорда зейнетакы жинағы бар, бірақ зейнет жасына жетпей марқұм болған салымшылардың/алушылардың мұрагерлеріне де зейнетакы төлемдерін ресімдеу үшін уақытылы жүгіну қажеттілігі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұдайы жүргізіп отырады.

Жыл сайын БЖЗК «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен бірігіп БЖЗК-да міндетті зейнетакы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетакы жарналары есебінен зейнетакы жинақтары бар, бірақ олар бойынша зейнетакы төлемін алу үшін БЖЗК-ға жүгінбеген зейнет жасына толған тұлғалар бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде аталған адамдарға бюджет қаражаты есебінен тағайындалған жасына байланысты және мемлекеттік базалық зейнетакы төлемдерінің бар-жоқтығына салыстырып тексеру жұмыстарын жүргізеді.

Жыл сайынғы салыстыру нәтижелері бойынша БЖЗК алушыларға зейнетакы төлемдерін проактивті форматта мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырады. Яғни, зейнетакы төлемін мемлекеттік бюджеттен алатын зейнеткерлердің зейнетакы жинақтары бар болса, БЖЗК-дан төлемдер ала бастайды.

Статистика

01.06.2025 жылғы жағдай бойынша жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына жеткен тұлғалардың талап етілмеген зейнетакы жинақтарының жалпы сомасы – шамамен 37,3 млрд теңге, бұл сома 264 695 жеке зейнетакы шотында (ЖЗШ) сақталған. Оның ішінде БЖЗК-ның мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алған мәліметтеріне сәйкес:

- 148 335 адам қайтыс болған, олардың зейнетакы жинақтарын мұрагерлер талап ете алады;
- 59 800 адам Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетті;
- 56 560 адам жасына байланысты зейнетакыларын ресімдеу үшін Мемлекеттік корпорацияға (тұрғылықты жері бойынша ХҚКО) әлі өтініш бермеген.

Зейнетакы төлемдерін қалай алуға болады?

Естеріңізге сала кетейік, зейнетакы жинақтарының есебін БЖЗК жүргізеді, инвестициялануын жалғастырады және салымшылардың ЖЗШ-да алушылар не олардың мұрагерлері (салымшы қайтыс болған жағдайда) талап еткенге дейін сақталады.

Зейнеткер жинағынан төлем ресімдеуге өтініш берген жоқ

Зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты зейнетакы жарналарының міндетті тұрлери есебінен БЖЗК-дан зейнетакы төлемдерін тағайындау, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетакы тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) жүгінүі қажет.

Шетелге тұрақты тұруға кеткен кезде

Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуіне байланысты БЖЗК-дан зейнетакы төлемдерін алу құқығын елден тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен, БЖЗК-да зейнетакы жинақтары бар және отандық заңнамаға сәйкес қажет құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар пайдалана алады.

Зейнетакы жинақтары бар адамның қайтыс болуына байланысты

БЖЗК-да зейнетакы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасы мүшелеріне республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген 94 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшері шегінде қайтыс болған адамның зейнетакы жинақтары қаражаты есебінен, бірақ қайтыс болған адамның ЖЗШ-да бар қаражатынан аспайтын мөлшерде жерлеуге біржолғы төлем жүргізіледі.

Сондай-ақ зейнетакы жинақтары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұрагера қалдырылады. Зейнетакы жинақтары бар адам қайтыс болғаннан кейін 6 ай ішінде оның мұрагерлері қайтыс болған адамның зейнетакы жинақтары түріндегі мұрагерлік мүлікті

ресімдеу және мұрагерлік құқығы туралы күелік алу үшін нотариусқа жүргінуге тиіс. Егер өтініш беру мерзімі өтіп кетсе, мұрагерлік құқығын қалпына келтіру үшін сот органдарына жүргіну қажет.

Зейнетақы төлемдерінің түріне және өтініш беру тәсіліне байланысты зейнетақы төлемдерін алуға қажетті құжаттардың тізімі [enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтындағы «**Қызметтер – зейнетақы төлемдері**» бөлімінде жарияланған.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жузеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жузеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жузеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындалған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жузеге асырады (*толығырақ www.enpf.kz сайтында*).